

# АВТОБУС КҮТКЕНДЕ

Кенжехан Кабдесов  
k.kenzhehan@gmail.com



Маятник миграция дегеніміз – жұмысқа немесе оқуға бір елді мекеннен екінші елді мекенге үнемі барып-келу.

Қала агломерациясында көбіне қала маңындағы елді мекендерден қалаға барып-келіп жатады.



Халықтың  
37%-ы  
қоғамдық  
көлікпен  
жүреді



Қоғамдық көлікпен жүргенде бірқатар қиындық болуы мүмкін:

- жолаушы көп жүретін уақытта қоғамдық көліктер толып қалады
- кешігіп келеді
- жұмысқа не оқу орнына жетуге көп уақыт кетеді.

Бұл факторлар халықтың әл-ауқатына кері әсер етіп, көлік қатынасына көңілі толмауына себеп болады



07:20



Менімен бірге менің ауылым – Гүлдаладан жұмысыма дейін бірге барайық.





Аялдамаға дейін 10 минут жаяу



Мен автобусты көп күтсем де, олардың барлығы тоқтамай кетіп бара жатыр. Мен жұмысқа кешігіп бара жатырмын





Бұл мәселе бойынша басқа маятник мигрантар не ойлайды?

Дәл сол сәтте




Мен жұмыс орныма дейін жеттім, бірақ нәтижесінде кешігіп келдім.


Жолға жұмсалған уақыт:  
2 сағат  
26 минут




09:20



Қоғамдық көлік жетіспеуі мәселесін шешу үшін жасалуы керек мынадай ортақ және ұзақмерзімді ұсыныстар:



Жолаушы көп жүретін уақытта қозғалыс интервалын жиілету, көбірек автобус жүргізу




Жаңа маршруттар қосу.


Шешім шығаратын ортақ процесс




Алматыда жеңілделген көлікті (ЖРК) дамыту



Көлік ауыстырып мінетін бекеттер  
(көлік хабы) салу



Сапалы жол салу



Автобус жүргізушілеріне  
қойылатын талапты азайту

